

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 12-3-6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 мамырда № 5128 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 130-26-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 23.05.2018 № 130-26-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, Ертіс аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.

2. Бұрын қабылданған Ертіс аудандық мәслихатының шешімдері жойылды деп танылсын:

(V сайланған, XXVIII сессиясы) 2014 жылғы 13 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 124-28-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3753 тіркелген, 2014 жылғы 19 сәуірдегі "Ертіс нұры" және "Иртыш" газеттерінде жарияланған);

(V сайланған, XXXI сессиясы) 2014 жылғы 30 шілдедегі "Ертіс аудандық мәслихатының (V сайланған, XXVIII кезектен тыс сессиясы) 2014 жылғы 13 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және

Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 124-28-5 шешіміне толықтыру енгізу туралы" № 142-31-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 3940 тіркелген, 2014 жылғы 30 тамыздағы "Ертіс нұры" және "Иртыш" газеттерінде жарияланған);

(V сайланған, XXXII сессиясы) 2014 жылғы 29 қазандығы "Ертіс аудандық мәслихатының 2014 жылғы 13 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 124-28-5 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 169-32-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 4167 тіркелген, 2014 жылғы 29 қарашадағы "Ертіс нұры" және "Иртыш" газеттерінде жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ертіс аудандық мәслихатының бюджет, әлеуметтік саясат және занылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс*

*сессияның төрагасы*

*Ертіс аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*Л. Гунжель*

*Б. Шингисов*

Ертіс аудандық мәслихатының  
(VI сайланған, III кезектен тыс  
сессия) 2016 жылғы 20 сәуірдегі

№ 12-3-6 шешімімен  
бекітілген

**Ескерту. Қосымша – жаңа редакцияда Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 27.09.2017 № 81-18-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

### **Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары**

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген

санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) № 504 қаулысына сәйкес өзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

## 1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" департаментінің Ертіс аудандық бөлімшесі;

2) атаулы құндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Ертіс ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысындағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) мереке құндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке құндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Ертіс ауданының ауыл, ауылдық округтер әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы және мереке құндеріне орай уәкілетті органмен ақшалай мен заттай нысанында көрсетілетін көмек түсініледі.

4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген

адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабында және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта бір рет) көрсетіледі.

6. Жекеленіп алынған санаттағы алушыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі Ертіс ауданы әкімдігінің ұсынымы бойынша белгіленді:

1) атаулы күндер:

Халықаралық егде адамдар күні - 1 қазан;

Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні - қазан айының екінші жексенбісі;

2) мереке күндері:

Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз;

Женіс Күні - 9 мамыр.

7. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін Павлодар облысы әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

Арнайы және участекілік комиссиялар туралы Үлгілік ережелерді орталық атқарушы орган бекітеді.

8. Ақшалай нысандағы әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті тұрларіне лицензиялары бар ұйымдар арқылы алушының шотына аудару жолымен көрсетіледі.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

9. Алушылар санатының тізбесін, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдерін осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес Ертіс ауданының әкімдігі белгілейді және Ертіс аудандық мәслихатының шешімімен бекітіледі.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) Ертіс аудандық мәслихатымен белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесін Ертіс аудандық мәслихаты бекітеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде Ертіс аудандық мәслихаты бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

10. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Павлодар облысы әкімдігінің келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

11. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

12. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей ауыл және ауылдық округ әкімдерінің не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша көрсетіледі.

13. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса келесі құжаттар ұсынылады:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;

3) Ұлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тұлғаның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер;

4) тұлғаның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын акті және (немесе) құжат ;

6) екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі.

14. Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

15. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауыл, ауылдық округтің әкімі бір

жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

16. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларға 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы участекелік комиссияның қорытындысын дайындауды және оларды уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтің әкіміне жібереді.

Ауыл, ауылдық округтің әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса беріліп отырған құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

17. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

18. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

19. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

20. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

21. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 17 және 18-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

23. Элеуметтік көмек көрсетуден бас тарту келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігінің анықталуы;

2) өтініш беруші тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тарту, жалтару;

3) облыс бойынша белгілеген күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасындағы тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табыс мөлшерінің асуы.

24. Элеуметтік көмек ұсынуға шығындарды қаржыландыру Ертіс ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

25. Элеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы Ертіс ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) алушының банк шоты бойынша ұш айдан астам қозғалыс болмаған;

6) жеке басын қуәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өтіп кеткен;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ұсынатын хабарсыз кеткен, іздестіріліп жатқан адамдар фактісі, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықталған;

8) қамқоршылықтан (қорғаншылықтан) босатылған және шеттетілген адамдар туралы түскен мәліметтер.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

26. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5. Қорытынды ереже**

27. Элеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды үәкілетті орган "Е-Собес" немесе "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген

## **Алушылар санатының тізбесі мен әлеуметтік көмектің шекті мөлшері**

1. Мынадай санаттағы азаматтардың әлеуметтік көмек алуға құқығы бар:

1) Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі - ҰОС) қатысушылары мен мүгедектері;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

1986 - 1987, 1988 - 1989 жылдары Чернобыль атом электрстансасы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан тұлғалар;

Ауганстандағы және басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, Ауганстанның ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдырудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған қызметшілердің отбасылары;

3) женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары, атап айтқанда:

қаза тапқан әскери қызметшілердің қайталап некеге отырмаған зайып (жұбай)  
;

ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар;

4) 1941 жылғы 22 маусымынан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде алты ай жұмыс істеген және ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендері мен медальдерімен наградталмаған адамдар;

5) зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар, атап айтқанда:

ең аз мөлшерде зейнетакы, жәрдемақы тағайындалған және еңбек өтілі толық емес кезеңде зейнетакы алатын зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар;

сексен жастағы және одан асқан азаматтар;

6) мүгедектер, атап айтқанда:

бірінші және екінші топтардағы мүгедектер;

он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар;

кәмелетке толмаған балалары бар мүгедек әйелдер (ерлер);

мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасылар;

7) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар аз қамтылған көпбалалы аналар;

8) аз қамтылған отбасылардан шыққан және ата-анасының қамқорынсыз қалған, аудан әкімі гранты бойынша жоғары оқу орындарына түскен жалпы білім беретін мектептердің түлектері;

9) аз қамтылған азаматтар, атап айтқанда:

уәкілді органның есебінде тұратын жұмыссыз азаматтар;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар;

табиғи зілзаланың немесе өрт салдарынан олардың мүліктеріне түскен зияннан төтенше жағдайға тап болған азаматтар;

жүктілігі бойынша уақытында есепке тұрған он екі аптаға дейін мерзімдегі жүкті әйелдер, барлық жүктілік мерзіміне;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар және он сегіз жасқа дейінгі балаларға балалар жәрдемақысын алушылар ішінен отбасылар;

қолдан тамақтандырылатын бір жасқа дейінгі балалардың тамағына, жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар;

10) әлеуметтік маңызы бар ауруларына шалдыққан азаматтар, атап айтқанда: онкология ауруларынан азап шеккен тұлғалар;

адамның иммун тапшылығы вирусына шалдыққан тұлғалар;

туберкулездің әртүрлі формаларына шалдыққан тұлғалар;

2. Табыстарды санамағанда әлеуметтік көмек ұсынылады:

көрсетілген санаттар үшін біржолғы:

осы Тізбенің 1-тармағының 1) тармақшасында, өтініш негізінде, шығын сметасына және алушының мәртебесін растайтын құжаттарға сәйкес Женіс күніне тұрғын үйлерін күрделі жөндеуге, бірақ 324 айлық есептік көрсеткіштер (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінен артық емес;

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының екінші абзацтағы, еңбекпен оңтайландырудан өткен кезеңде 30 АЕК мөлшерінен артық емес;

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының үшінші абзацтағы, 5 АЕК мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының төртінші абзацтағы, 60 АЕК дейін мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацтағы, өнімді ірі қара малды сатып алуға 70 АЕК дейін мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацтағы, балаларды мектепке даярлау үшін бір балаға 5 АЕК мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 10) тармақшасының екінші, үшінші абзацтағы, 10 АЕК мөлшерінде;

ай сайын көрсетілген санаттар үшін:

осы Тізбенің 1-тармағының 1) тармақшасында ауыл немесе ауылдық округтің әкімімен ұсынылған мәліметтер негізінде, дәрі-дәрмек алуға 1 АЕК мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 1) тармақшасында, өтініш жасаған айдан бастап тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді өтеуге 5 АЕК мөлшерінде;

осы Тізбенің төртінші абзацта 1-тармағының 10) тармақшасында, амбулаторлық емдеуді өту кезеңіне алты ай аралығында жақсартылған тамаққа 6 АЕК мөлшерінде.

3. Әлеуметтік көмек табысы есебімен облыс бойынша ең төмен құнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы бар тұлғаларға ұсынылады:

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының жетінші абзацтағы көрсетілген санаттар үшін, ай сайын 2 АЕК мөлшерінде;

көрсетілген санаттар үшін біржолғы:

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының екінші абзацтағы, уәкілетті органда қайтыс болған кезінде жұмыссыз ретінде есепте тұрган, зейнеткерлік жасқа жақындаған (әйелдер елу жеті жастан аса, ер адамдар алпыс жастан аса) азаматтардың жерлеуіне 15 АЕК мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының бесінші абзацтағы, 9 АЕК дейін мөлшерінде, сондай-ақ ұсынылған жол жүру құжаттарына сәйкес медициналық мекемемен берілген жолдама негізінде, тексерілу және (немесе) кеңес алу үшін тұрғылықты мекенжайынан Ертіс ауылына және (немесе) Павлодар қаласына дейін және кері қайту жолына жол жүру шығындарын төлеуге;

4. Табыстарды санамағанда тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек көрсетілген санаттар үшін ұсынылады:

осы Тізбенің 1-тармағының 2) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші абзацтардағы, 3,6 АЕК мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 5) тармақшасының екінші абзацтағы, өтініш берген айынан бастап тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді өтеуге 3 АЕК мөлшерінде;

осы Тізбенің 1-тармағының 6) тармақшасының бесінші абзацтағы, өтініш жасаған айынан бастап 6 АЕК мөлшерінде тағайындалып төленеді.

5. Уәкілетті орган осы Тізбенің 1-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін ең аз құнкөріс деңгейі мөлшерінен аспайтын табысы бар тұлғаларға, білім беру қызметтерін көрсетуге аудан әкімінің, жоғары оқу орынның басшысының және студенттің (төлемақы зерттеу-емтихандық

сессияның болымды нәтижелері бойынша жартыжылдықта бір рет жүргізіледі) қолдары қойылған үш жақты келісімшарт негізінде, сонымен қатар жоғары оқу орындарында оқу мерзімі кезеңіне тұру, тамактану және мекенжайына бару үшін ай сайын 10 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК